

¹Әмірбекова С.К.  ²Байдаров Е.Ұ. 

^{1,2}Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹sagynysh.amirbekova@mail.ru, ²erkin_u.68@mail.ru

АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ «ТУЫСҚАНДАР» КОНЦЕПТІСІ

Аңдатпа. Мақалада араб-қазақ тілдеріндегі жанұяға байланысты фразеологизмдер қарастырылып отыр. Бұл сөз орамдары араб фразеологиясында маңызды рөл атқарады және араб әдеби тілінің көркем сөз байлығы мен бірегейлігін айқын да, толық көрсетеді. Фразеологиялық бірліктердің құрылымдық ерекшеліктерінің зерттелуі араб тілін терең және жан-жақты білуге мүмкіндік береді. Жұмыстың басты мақсаты – араб-қазақ паремияларындағы «туысқандар» туыстық терминдермен байланыстағы фразеологизмдер салыстырмалы талдау жүргізу арқылы олардың ерекшеліктері мен мағыналық үйлесімділігіне классификация беру. Салыстырмалы талдау әдісі араб фразеологиялық бірліктерінің отбасылық қарым-қатынастар аясында қолданылу ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылады. Автор қазақ мәдениетімен салыстыра отырып, араб тіл дәстүріндегі ұқсас және әртүрлі белгілерді анықтауға тырысады. Зерттеудің мақсаты – араб тіліндегі фразеологиялық бірліктердің «туысқандар» ұғымына қатысты мағынасы мен мәдени аспектілерін ашу. Міндеттерге осы фразеологиялық бірліктердің қолданылу жиілігін, олардың контекстік мағынасын және әртүрлі жағдайдағы өзгерістерін талдау кіреді. Зерттеу дүниенің араб және қазақ тілдік суретінің ерекшеліктерін және фразеологиялық бірліктердің отбасылық қарым-қатынас саласында қолданыста жүретін мәдени реңктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері лингвистер, мәдениет зерттеушілері және мәдениетаралық өзара әрекеттестік саласындағы мамандар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздері: фразеологизмы, мақал-мәтел, жанұя, концепт, туыстық терминдер.

Кіріспе

Әр халықтың қайталанбайтын ұлттық ерекшеліктерін, өзіне тән өзгешіліктерін құрайтын туыстық атаулар бар. Ол рухани дүниені де, материалдық дүниені де қамтиды. Туыстық атаулардың ішіндегі «туысқандар» концептісіне талдау жасау арқылы қазақ-араб туыстық атауларының семантикасына қатысты лингвистикадан тыс факторлар – қос халықтың этносының дүниетанымдық менталитеті жүйелі түрде анықталады.

Бұл мақалада туыстық ниеттің семантикалық үлгілерін талдап талқылаймыз; бұрыннан қалыптасқан лексикаларда атрибуция, предикация дәрежесіндегі синтагматикалық және парадигмалық өзара байланысты қатынасы анық көрініс береді. Тіпті бір қан, тұқымнан тармаған адамдардың өзінен, олардың бір-біріне деген көзқарас қатынасынан ағайынгершілік семантикалық ұғымы тереңнен үзілмей келе жатқаны көрініс береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Араб және қазақ фразеологизмдерді салыстыра арқылы екі тілдегі дәстүріндегі ұқсас және әртүрлі белгілерді анықтау үшін салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, араб фразеологиялық бірліктерінің отбасылық қарым-қатынастар аясында қолданылу ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылады. Араб-қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің «туысқандар» ұғымына қатысты мағынасы мен мәдени аспектілерін ашу арқылы осы фразеологиялық бірліктердің қолданылу жиілігін, олардың контекстік мағынасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Араб және қазақ тіліндегі фразеологизмдердің зерттеуінде араб және қазақ тілдеріндегі туыстық қатынасқа қатысты сөз тіркестерінің қолданыстағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары осы уақытқа дейін талданбаған. Тек қазақ тілінде бөлек, араб тілінде бөлек зерттеліп келген. Әрбір фразеологиялық бірліктердің семантикасы мен мәдени контекстіне, олардың сол тілде сөйлеуінде таралуы мен қолданылуына, сондай-ақ аударманың мүмкін болатын қиындықтары мен реңктеріне талдауды қамтитын зерттеулер өте көп. Қазақстандық шығыстанушылардың ішінде Б.Н. Жұбатова араб қазақ фразеологизмдерді діни тұрғыдан зерттеді[1].

Талқылау

Зерттеу жалпы белгілер мен бірегей белгілерді анықтау үшін басқа тілдердегі туыстас фразеологиялық бірліктермен салыстырмалы талдауды қамтуы мүмкін. Ағайынгершілік қарым-қатынасқа қатысты араб-қазақ паремияларды салыстырмалы түрде талдап, қаншалықты қолданыста екені өміршеңдігін анықтап көрелік.

1. **Туған, туысқан** лексемалары қазақ тілінде: Бір атадан тараған, ағайын мағынасында айтылады[2,819]. Ал араб *туысқан* лексемасы (اقارب) قريب тұқым жағынан, уақи немесе мекен жағынан жақын мәніне ие. Бұл сөздің қарсы мағынасы яғни антонимы بعيد лексемасы[7,797]. Синонимдес лексемалар: شقيق (شقائق) نسيب (انسباء) . Метафора формасында ذو رحم (ذوو ارحام) «мейірімділіктің иесі» деген мағынасында да туыстық атаулары бар [3,880].

Туысқандық байланыс ұғымы әр ұлттың қалыптасқан салт-дәстүр, ерекшелігіне орай түрлі мағына, мазмұн алуы таңданарлық жәйт емес. Мысалға, мейлі араб, мейлі қазақ тіліндегі паремиялардың қайсы бірін алсаң да туысқан адамдардың өзара ағайынгершілікте болуын үндесе, бір парасы араласқанды өсиет етеді. Ескеретін жәйт, фразеологизмнің бір буыны туысқандық туралы сан қырлы жағымды ойды желі етсе, барлық фразеологизмдер жиналып келгенде, мұндай пікірді толыққанды жеткізе алмайды. Сол себепті де біз мазмұндық негізінде арнайы зерттеу жүргізіп талдап қарадық.

1. **Туысқан, ағайын** компоненттері қос тілде де ұнамды бейнелілігін көрсетеді. Бұлар бір қауым, бір ауыл болып, бір-біріне қамқорлық жасап, қиын сәтте қол ұшын беруге міндетті жандар. Туыстар тату, бірлікшіл, бір-біріне қорғаныш болуы керек. Араб халқы: إني أكل لحمي و لا أدعه لأكلٍ «Мен өз етімді жеймін, біреуге жегізбеймін», бұл нақылда туысқандар бір-бірімен ұрсып, ренжісіп қалуы мүмкін, бірақ бөтен адамдардан жанын беріп қорғайтынын айтады.

الأقربون أولى بالمعروف «Туысқандар- бірінші боп біледі». Бұл мысал екі мағынаны қамтиды, бір жағынан қандай да бір жақсылық болсын, жамандық болсын алдымен жақын туыстарына белгілі болуы, екінші мағынасы егер адам Алла ризашылығы үшін біреуге жақсылық жасағысы келсе, мәселен садақа беру, онда ол алдымен жақын туысынан бастау керектігін баяндайды.

ألى فيه نَفْطَةٌ مِنْ دَمِّكَ ما يبخلى مَنْ هَمَّكَ «Сенің қаныңнан бір тамшысы бар адам, сені ешқашан тастамайды», яғни туысқан әрқашан бірге болады.

Қазақ мақал-мәтелдері де осындай ойды қамтиды: «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп», «Егіз аттан жығылса, басын сүйер ағасы, жалғыз аттан жығылса, неге келер шамасы», «Кеңесіп пішкен тон келте болмас», «Өткелім саяз деме, таяғыңды салып бойлат, ісім мақұл деме, ағайынға салып ойлат», «Денің сау болса, жарлымын деме, ағайының көп болса, жалғызбын деме», «Туысы бірдің, уысы бір», «Ағайынның аразы болса да, азары болмайды», «Атың жақсы болса – қанатың, ағайын жақсы болса – санатың».

2. **«Туысқандар»** компоненті жағымсыз бейнеде екі тілдегі паремиялық қорында да кездеседі. Араб паремияларда: الأقارب عقارب «Туысқандар-шаян сынды», яғни ұрыс, жан-жалда туыстардың тілдерінің аштылығын бейнелейді.

القريب «Күйеуді туысқаннан емес, қорадан таңда», арабтарда жақын туыстар бір-бірімен қыз алысу қалыптасқан дәстүр болғандықтан, кейде туысқаннан гөрі жат жұрттан күйеу іздеуді абзал болатындығын айтады.

وإن الذي بيني وبين بنى أبي وبين بنى عمي لمختلفٌ جداً
فإن أكلوا لحمي وفزت لأحومهم وإن هدموا مخدتي بنيت لهم مَجْدًا

«Менің әкемнің және көкемнің туыстары мен менің арамызда үлкен айырмашылық бар, олар менің етімді жесе, мен олардың етін жемеймін, олар менің мүддемді түсірсе, мен олардыкін түсірмеймін». Бұл мысалда «әкемнің туыстары» дегенде жақын туыстарды, ал «көкемнің туыстарын» алыс туыстарды айтып тұр.

Қазақ халқында да бұндай ағайындар арасындағы жағымсыз бейнелілік жат емес: «Ағайында өкпе бар да кек жоқ», «Ағайын – ащы, мал – тұщы», «Ағайынды іске шақырма, асқа шақыр», «Ағайынның ұрысы – торқаның жыртысы», «Туасы жаман туғанын жамандайды», «Ағайын бірде араз, бірде тату». Қазақ тілінде «ағайын» лексемасы «туысқан» лексемасымен мағынасы бір боп келеді.

2. Қайын термині неке туыстығының жалпы термині, яғни ер немесе әйел адамға қатысты туыстық идеясын береді. *Қайын* терминінің мазмұнын нақтылайтын сөздер: *ата, ана, аға, іні, апа, сіңлі, жезде және жеңге*. Сол себепті қайын көп жағдайда күрделі туыстық терминдердің құрамында жұмсалады. Атаудың этимологиясы туралы айтар болсақ, фонетикалық және семантикалық талдау нәтижесі *қайын* термині *қадын* «әйел», «әйел адам» терминімен этимологиялық тұрғыдан жақындастырады [4,50].

Араб лексикасында *қайын жұртты* «күйеудің туысқандары» اقارب الزوج *қайын аға* «күйеудің ағасы» اخوزوج, «қайын іні» اخ صغير لزوج, *қайын ата* «күйеудің әкесі» - والد زوج, *қайын ене* «күйеудің анасы» والدة زوج, т.б. Осыдан араб туыстық атаулардың қазақ тіліндей жеке терминдік атаулығы жоқ екенін көрсетеді. Бұл араб тілінде барлық туыстық атауларға тән нарсе.

3. Араб тіліндегі паремияларда «*көке, ағатай*» ұғымы әкесінің я шешесінің ағасы ретінде. Бұл бәлкім, ағайынды отбасы мүшелерінің көптігімен де түсіндіріледі. Әкесі жағынан *аға, көке* عم, шешесі жағынан *аға, көке* خال деп атайды. Ал «*тәте*», «*апай*» араб тілінде әйел тегін көрсететін ة жалғануы арқылы жасалады: әкесінің жағынан عمّة, анасының жағынан خالة.

Араб әлемінде ағайынды адамдардың екінші, үшінші ұрпақтарының ұл, қыздары өзара үйленіп, отау құруы кең тараған. Сол себепті бір атадан тарағандар *әкесінің ағасы* немесе *анасының ағасының балалары* аталады. *Әпкелері* де дәл солай, *әкемнің ағасының қызы, анамның ағасының қызы* деп бөледі.

Бұл арада әкесінің ағасынан туған баланың ағайындылар ортасындағы орны жоғары, беделі үлкен екенін ескеру міндетті. Мына нақылда айқын көрініс тауып тұр: *عَمُّكَ أَوْلُ شَارِبٍ*: «Әкең жағындағы көкең бірінші боп ішсін».

عَمُّكَ خُرْجُكَ «Әкең жағындағы көкең – сенің қабың». Бір күні бір бала көкесімен жолға шығыпты, сөйтсе көкесіне сеніп, өзімен бірге қапқа салынған азығын алмапты, біраз жол жүрген соң, тамақтанғысы кеп көкесінен тамақ сұрапты сол кезде көкесі оған «Сенің көкең – бір қап азығың» депті.

قِيلَ لِلْبُعْلِ مَنْ أَبُوكَ؟ قَالَ الْفَرَسُ خَالِي «Есектен сұрапты: «Әкең кім?»-деп, «Нағашы ағам- жүйрік ат»,-деп жауап қатыпты». Ешек өзінің тегінен ұялғандығынан нағашы ағасының арғымақ екенімен мақтанады.

Жағымсыз коннотациясында да әмсалдар кездеседі:

عَيْطٌ عَلَى خَالِي مَا جَانِي، عَيْطٌ عَلَى بَابَا شَقِّ الْبَحْرِ وَجَانِي أبوك ما خَلْف لك «Әкем жағынан көкемді шақырдым, келмеді, нағашы ағамды шақырдым, келмеді әкемді шақырып едім, көлді жүзіп келді», قَلْوَيْشِ بِنَبْكِ وَأَنَا عَمُّكَ؟ قَلْو عم «Әкең артынан ештеңке қалдырмаса, көкең не береді?», عَمُّكَ ما يبيعطيك؟

إِنِّي لَأَنه عَمِي «Біреу сұрапты: неге жылайсың? Мен сенің көкеңмін ғой? Ол жауап беріпті: Сен көкем болған соң жылап отырмын».

Қазақша мақалдар: «Тәтең тәттісін береді, көкең қаттысын береді», «Көп біле ме, көкең біле ма».

4. *عمة, خالة* лексемаларымен «*тәте*» араб нақылдарынан: *كُلُّ ذَاتِ صِدَارٍ خَالَةٌ* «Кеудесі бар әрбір жан- менің тәтем», яғни бүкіл әйелдерді сыйлағанын айтады. *الخَالَةُ خَوْلَةٌ وَلَوْ كَانَتْ أخت الأُمِّ* «Анаңның әпкесі тәтең болады», *الخُبَارَى خَالَةُ الكُرُونِ* «Дуадақ (құс)-тоқылдақтың тәтесі», бұл жерде бір-бірімен келісіп, жарасып тұрған заттарға айтылады. Сонымен бірге, *عمة, خالة* терминдері кездеспесе де, бірақ сол мағынаны білдіріп тұрған әмсал бар: *لا أَمْرَ مُبْكِيَاتِكَ، لا أَمْرَ مُجَاتِيكَ* «Күлдіріп айтқанды емес, жылатып айтқанды тыңда». «Жылататындар», «күлдіртетіндер» сөздері әйел тегінде тұр. Бұл әмсал келесі қиссадан шыққан: Біраз кемшіліктері бар қыз кейде өзінің әкесі де, шешесі жағындағы әпке, тәтелерінің үйіне барады екен. Сөйтсе, нағашылары кемшіліктеріне мән бермей көңілін көтеріп жақсы араласады екен де, әкесі жағы тәтелері кемшіліктерін айтып, жылатып жібереді екен. Соны білген әкесі қызына: «Күлдіріп айтқанды емес, жылатып айтқанды тыңда» депті, яғни ескертулерді ескеріп жақсы болғаның дұрыс дегенді сөз етеді.

Қазақ паремияларда өз жұрт аға-әпкелері мен нағашы жақ аға-әпкелеріне қатысты паремиялар: «Нағашысымен күрессе, жиені жығылар», «Туғаныңмен туыспасаң кең дүниеге сыйыспасың», «Туысқан бар болсаң іздеседі, тіпті «сіз» деседі, жоқ болса қашады, тіпті артыңды ашады», «Туысы бірдің қонысы бір, туысы бірдің уысы бір».

5. Келесі туыстық термин «*Ата-баба*» *Ата* 1. Әкенің әкесі, үлкен әке. 2. Бір рудың ішіндегі адамдардың туыстық, қандастық тобы. 3. Нәсіл, тек, тұқым. 4. Ерлі-зайыптылардың қайын әкесі. 5. Ауыспалы мағынада: бір нәрсенің тетігі, көзі. Атамзаман, атамұра, т.б.[2, 65-66]. Араб тілінде *جَدٌّ* 1. Әкенің немесе шешенің әкесі. 2. Шал кісі. 3. Азық-түлік. 4. Өзен жағасы. 5. Бақыт, мүмкіндік[7,113].

Қос ұлт тіліндегі паремияларда да атаға құрмет, ізет жоғары екені байқалады. Ел-жұрт ақсақал деп құрмет тұтатын қадірлі ел тұтқасы. Мұндай кісілер төрден орын алады, әрқашан құрмет көрсетіледі. Ата- жолын кесіп өтпейтін, ел ұйытқысы, батагөйі, ақылшысы, қамқоры болып есептеледі. Ата-ел бірлігін, тірлігін, тұрмысын, болашағын бағдарлап, байқап отыратын дана, көреген. Атаның айтқаны кейінгіге заң, ісі-үлгі.

جَدُّكَ لا كَدُّكَ «Сенің еңбегің емес, атаңның еңбегі» Бұл мысал әр адамның өз тағдыр талайы бар. Кей адам белі бүкірейгенше еңбек етеді, солай бола тұра жарлы-жақыбайлы күн кешеді. Атаны да маңдайыңа жазылған тағдыр секілді таңдай алмайсың. Қарапайымың шаруаның немесе бақ-дәулеттің иесі, министрдің немере-шөбересі болып өмірге келуі тағдыр пешенеңе жазылғаны сөз етеді.

Ата туралы араб әмсалдарына қарағанда қазақтардың нақылдары көп: «Аталы ел – баталы ел», «Атадан ұл туса – игі, ата жолын құса – игі», «Ата – балаға сыншы», «Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «Ата – асқар тау, Ана – бауырындағы бұлақ, Бала – жағасындағы құрақ», «Ата – балаға сыншы».

Араб халқы сияқты, қазақ халқында туыстық есеп еркектер тарапынан жүргізілгендіктен, өз тарихын, өнері мен мәдениетін, тұмса тұнық әдебиетін, ғұрпын, салтын білетін, «Мен қазақпын!» дей алатын азамат өзінің шыққан тегін, кіндік кесіп, кір жуған ата жұртын қастерлеп, жеті атасын жадында тұтуы шарт. «Жеті атасын білген ұл жеті рулы елді біледі» дегенді сөз салмақтап, ой баққан атамыз қазақ тегін айтпаған болар. Осы айтушы еркек өз бабасынан бастап неменесіне дейін жеті атаға, яғни жеті ұрпаққа толады. Ал жетінші ұрпақты қазақтың «немене» не «шөпшек» атандыруы тегін емес. Оның өзіндік мәні бар сияқты. Айталық, «шөпшек» атауының мәні тіпті анық. Қазақ шөпшек деп ағаштың қурап сынып түскен жіңішке бұтақтарын айтады. Осыған қарағанда, жеті атаға толғанда сегізінші ұрпақтың туыстық мәні жойылып, олардың арасында туыстық қарым-қатынас

үзіледі деген ұғымды білдіретін тәрізді. Айтушының қызынан туған жиенінің ұрпағы оның бабасынан бастап жетінші атаға толғанда жетінші ұрпағының “туа жат” атануы да жоғарыдағы пікірді дәлелдей түседі. Бұл атаудың мәні — жетінші ұрпақ жат деген ұғымды білдіріп тұр ғой. Осыған қарағанда, қазақ арасында негізінен жеті атаға толмай қыз алыспау әдетінің мәні өзінен өзі-ақ айқындала түседі.

Сөйтіп, қазақ халқындағы туыстық қарым-қатынас негізінен жеті атаға дейін созылып, одан әргі қатынас құдандалық байланысқа айналды. Бұлай дейтініміз қазақта экзогамиялық тосқауыл ру ішіндегі жеті атаға дейін берік сақталуы, ал сегізінші ұрпақтардың бірімен-бірі некелесуге хақы бар.

Жеті атаға дейінгі туыстық қатынастың қазақ арасында күшті болғандығын классификациялық туыстық жүйенің қазақтағы мол атаулары да дәлелдегендей. Мұндай туыстар арасында бірін-бірі қысылғанда қолдау, өзара көмек әрдайым болып тұратынын да жоғарыда айттық.

Араб халқы да ата-бабаларын қастерлеп, шыққан тегін құрметтеп, мақтан тұтып жеті атадан да көп аталарын айтып отырады. Араб жанұясында бала туылғанда, балаға ат берудің өзінде онымен қоса он екі атасына дейін бабаларының аттары жазылып айтылады. Берілген атынан кейін тегі айтылғанда ابن «ұлы» қосылып бір адамның ата-бабасының генеалогиялық тармағын көруге болады. Мысалы, арабтың белгілі шайыры Ибн Халликанның толық аты : Абу-л-Аббас Ахмад ибн Мухаммад ибн Ибрахим ибн Абу Бакр ибн Халликан ибн Бавак ибн Шакал ибн ал-Хуссайн ибн Малин ибн Джафар ибн Йахйа ибн Халид ибн Бармак Шамсу-д-Дин. Сонғы Шамсу-д-Дин – ол лақап аты.

6. Қазақ паремияларда «*әжеге*» деген құрмет те айрықша байқалады. 1.Әже (әйел) – әкенің шешесі, үлкен шеше. 2. Жасы ұлғайған кәрі әйел[2,83]. Араб тілінде الجدة لایبه 1. – әкесінің шешесі, الجدة لامها – анасының шешесі [3, 108].

Әже ел-іші, отбасының ынтымағын, бүтіндігін ойлайтын жасы үлкен кісі. Қазақ халқының қағазға түсірілмеген заңы бойынша танысын-танымасын кім-кімде ата-әжелерге сәлем беруі, құрмет көрсетуі міндетті. Бұл кісілер тек өз ұрпағы емес, жалпы елге әже болып есептеледі. Әжелерді былайғы жұрт құрметтейді, алдынан кесе-көлденең өтпейді. Сыйсыяпат ұсынып, батасын алуға тырысады. Бірақ шал-кемпір деп кішілердің айтуы әдепсіздікке жатады.

«Әжім – әженің әрі, деменіз әжем – кәрі, кәрінің сөзі дәрі», ««Әй» дер әже жоқ, «Қой» дер қожа жоқ». Араб әмсалдары: الأسرة التي لديها عجوزة تملك كنزا «Қария әжесі бар үй- байлықтың иесімен тең», هذا الامر مراتب فيه هذا الامر ليس بينا «Бұл шаруаны әжеміз екі есе баяндап қойды».

7. «*Қайын ата*» (ep)- әйелге күйеудің әкесі, күйеуге әйелдің әкесі, ерлі-зайыптыларға жақындық қатысы[2,457]. Қайын атаға әркім өз әкесіндей құрмет көрсеткені жөн. *Қайын*- Екі ел адамдарының күйеумен келінге жақындық қатысын білдіретін атауыш сөз, туыстық термин [2,456]. Қайын жұртқа жігіт үшін әйелінің, әйел үшін күйеуінің ата- баба әулеті және оның туыс-туғандары жатады. Араб тілінде حمو «қайын ата»- күйеудің әкесі немесе әйелдің әкесі [7, 207]. يا بنت من علاك؟ زوجك و بيت حماك «Әй, келін, кім сенің беделіңді өсірді? - Сенің күйеуің мен қайын атаңның үйі». Араб әлемінде жаңа түскен келін қазағымыз айтқандай «сол үйге «тастай батып, судай сің» дегендей жаңа жанұяға тұған адамдай сіңіп кетуі керек. Бірақ ол келіннің әр қарай абыройы жоғары немесе төмен болуы сол жанұяға байланысты болады, әсіресе *ене* мен *келін* арасындағы қарым-қатынасында.

8. «*Ене*» 1. Ерлі-зайыптылардың аналары бір-біріне *ене* болады. 2. Жан-жануарлардың төлінің аналығы. 3. Ауыс. Бала тапқан ана, шеше.

Кіндік ене. Жаңа туған жас нәрестенің кіндігін кесуші әйел, кіндік шеше. *Қайын ене.* Әйелдің туған шешесі(еркекке қатысты) [2, 226].

Араб тілінде حماة 1.Екі жағы да *ене* деп айтатын ерлі-зайыптылардың анасы, шешесі [3,186]

Ене елдің үлкен – кішісі мен жақындарын, туған-туыстарын келінмен таныстырып, үй тәрбиесі, қазан жабдығы, бала тәрбиелеу, халықтың салт-дәстүрін үйрету- ененің міндеті. Енені сыйлап, айтқаны бұлжымас жарғы ретінде қабылдап, ене мен келін тату-тәтті, сыйласып өмір сүруі керек.

Араб паремияларда *ене* терминімен жағымсыз бейнедегі әмсалдар бар:

الحما ما يثجّب الكئي و لو كانت من صور الجئي و الكنى ما يثجّب الحما ولو كانت نازلة من السماء

«Ене келіні періште болса да жек көреді, келін енесі аспаннан түскен пері болса да жек көреді», «Енеден сұрапты: сен келін болмадың ба? Ол жауап беріпті: Болғам, бірақ ұмытып қалыптым»,

مكتوب على باب الجنة: ما في حما يثجّب كئي، و مكتوب على باب السماء: ما في كئي يثحب حما

«Жәннаттың есігінде жазылыпты «Келінін жақсы көретін ене жоқ» деп, аспан есігінде жазылыпты «Енесін жақсы көретін келін жоқ» деп».

Күйеудің қайын енесіне қатысты жағымсыз бейнедегі нақылдар бар:

ألى ما بيقدّر عّماتو، بيقوم عّمراتو «Енесімен сыйыспаған, әйелімен дауласады»,

الحما جميّ و بنت الحما عقرة مسيمة، و عّمنا الخنثار ما بيدخل الجنة «Ене – ол өте ыстық ауа, ал оның қызы- улы шаян, олардың арасында жүрген еркек жәннатқа кірмейді», яғни ислам діні боцынша екі әйелдің ұрыстары мен өсек, ғайбатынан еркек те күнәға батып жәннатқа кірмейтінін баяндайды.

Қазақ нақылдары: «Қанша жақсы болса да, ата әкемдей болмас, ене шешемдей болмас», «Қазымыр ененің қаракұсында көзі бар», «Келін жаман емес, келген жері жаман», «Қайын енесі ас ішпес қабағын түйген келіннен», «Келін қайын ененің топырағынан жаралады», «Ене көрген тон пішер».

9. «Келін» 1. Ұлдың әйелі, келіншегі. 2. Інісінің, сондай-ақ жасы кіші басқа ағайын-туғандардың әйелі [2,380]. Арабша *кне* - ұлдың немесе ағаны әйелі [7,832]. Екі дәстүр бойынша келін өзінің күйеуінің үлкендердің бәріне де орын беріп, сәлем беріп, ата, қайнағалары отырған жерге кірмейді. Қазақ, араб халқы да келіндерін құрметтей білген. Оларды жас төмен етек деп қарамай, жақсы істерін, үлгілі мінездерін бағалап та отырған. Қос тілде де келінге сүйіспеншілік пен мейірімділікпен қарауды насихаттаған.

من أخذ وُلْدك «Келіндерді жақсы көрсеңдер, жақсы өмір сүресіңдер», «Балаңнан гөрі, келінді жақсы көр».

Қазақтар: «Жақсы келін қызындай, жақсы күйеу ұлындай», «Келіні жақсы үйдің керегесі алтын», «Балаң жаман болса да келінің жақсы болсын», «Келелі сөзді келін де айтады», «Жақсы келін күрдасындай болар, жақсы ұлың сырласындай болар».

Жағымсыз бейнеде де әмсалдар бар: «Келін, сен де ене боласың», «يا كنة بُكرا بتصيري حما «Бір күйеудің әйелдері бір шешімге келісер, қайынбике мен келін келіспес», «تلاقى العمة وكنّتها نصّبوا الدجاجة بقزوةها «Ене мен келін кездесіп, тауықты табағымен пісіріпті». Бұл әмсалда ене мен келін қосылғанда жақсы нарсе болмайтынын айтады.

Қазақша: «Жақсы енені жаман келін жер қылады, жақсы келін жаман енені ел қылады», «Жақсы келін — келін, жаман келін — өлім», «Келін жақсы болса үйіңе көп кісі келеді. Келін жаман болса, келген кісі кеткісі келеді. Ас құй десең төккісі келеді,»Төкпей құй» десең сөккісі келеді» (Шал ақын).

Ескертетін нәрсе, екі халықтың мәдениетінде де жаңа түскен жас келіндер түскен үйдің баласы болып кетеді. Келін енесіне және күйеу бала енесіне *қайына*(-м) сөзімен емес, *ана*(-м) сөзімен қарата айтады. Мысалы, қайын атасын көзінше *атам*, ал сыртынан *қайыната*, қайын енесінің көзінше *анам*, сыртынан *қайына* деп атаушылық қалыптасқан. Арабтар *بابا*, *ماما* немесе әкелерін *عم* енелерін екіауыз тілде *طنطة* деп те атайды.

Қазақ дәстүрінде ғана күйеуінің әкесін оның аға-інілерін «үлкен ата», «ата», «кіші ата» дейді. Күйеуінің ағаларына «үлкен аға», «жақсы аға», «ағакем», «көке» деген аттар қойса, інілеріне «сал жігіт», «молда жігіт», «мырза жігіт», «ортаншым», «тетелес», «інішегім»,

«кенже» т.б; қайын сіңлілеріне «шырайлым», «еркежан», «еркем», «еркешім», «молдақыз», «айдарлым», «кекілдім» т.б; ал бұрын ұзатылған қыздарды «апа» деп, не олардың күйеулерінің аттарымен бәлендегі қыз, түгендегі қыз дей салады. Мұнымен бірге қазақ келіндер күйеуінің бірге туған немере, шөбере туыстарының өздеріне де жоғарыдағыдай ат қоюмен қатар, олардың әйелдеріне, яғни абысын-ажындарына да «үлкен апа», «апа», «кіші апа», «жақсы апа», «жеңеше», «бәлен апам», «түген жеңешем» сияқты атай береді; келіннің түсуінен бұрын туған күйеу ағаларының балаларына ат қояды.

Әркімнің туыстық жақындығына, туыстар арасындағы жалпы қауым алдындағы алатын орны мен беделіне қарай орынды ат қойғыш келіндерді халық аса ұнатады. Мәселен, би, болыс боп жүрген қайнағаларын «би ата», «би аға», «болыс ата», «болыс аға» дей беретін. Әдепті келіндер өзі атын атамайтын сыйлы қайын ата, қайын ағалармен аттас бөтен адамдардың да аттарын тура атаудан іменіп, айталық — «қажы аттас», «қажы атам аттас», «ағаекем аттас» дейтін.

Қазақ әйелдері күйеулерінің де атын атамай, оларды «отағасы», «біздің үйдің кісісі», «әлгі кісі» немесе үлкен балаларының атымен бәленнің, түгеннің әкесі дейтін. Бұл араб жанұяларында да тән нарсе ерлі-зайыптылар бір-бірін, жақын жора-достары, туыстары еркектің, әйелдің атымен атамай мәселен, *اب احمد* «Ахмедтің әкесі», *ام احمد* «Ахмедтің анасы» деп атайды.

Туыстық, отбасылық қарым-қатынасты білдіретін этикет тілдік бірліктердің негізгі қызметі назар аударту болғанымен олардың барлығының, әсіресе жасы кішілерге қарата айтылатын сөздердің эмотивтік қызметі де аса күшті. Туыстық, отбасылық қарым-қатынасты білдіретін этикет тілдік бірліктер туысқандар арасында, ана мен бала, әке мен бала арасында қарым-қатынас орнату үшін аса қажет. Бұл этикет тілдік бірліктер адамның жан-дүниесінің, туысқандық сезімінің, сыйластық сезімінің, ішкі жан-дүниесінің дұрыс жетілуі үшін ететін әсері өте күшті, сөз күдіретін айқын көрсететін тілдік құралдар болып табылады.

10. Күйеу бала – ерге шыққан қыздың жолдасы [2,425]. Арабша *صهر* 1. Қыздың күйеуі. 2. Әйелінің туысы[7,542]. Қайныларының (әйелінің інілері) алдында жолы кіші болғанымен – сыйлы адамдардың қатарынан саналады.

Араб халқы да күйеу баланы сыйлы адамдардың бірі деп санаған. Дәстүр бойынша құрметтеп, сый-сияпат жасаған. Сондықтан болар, жағымда бейнедегі әмсалдар екі тілде де баршылық: *يا صهرى يا سنده ظهري* «Әй, күйеу балам, сен менің арқамдағы тірегімсің», *ألى بذك* «Құдай саған ұл берді, бірақ күйеу баланы өзің таңдай аласың» [8,2].

Қазақ халқы күйеубаланы туралы: «Пайғамбар да күйеуін сыйлаған», «Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық», «Күйеу – жүзден үлкен, жиен – мыңнан үлкен», «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу жоқ», «Күйеуіне қызы сай, елігіне жері сай» [9,42].

Араб, қазақ әлемінде еркек кіндіктілер әйелге қарағанда басым бедел алатыны белгілі. Сөйте тұра араб халқы күйеу балалырына, нақты ұзатылған қызына ақшалай, дүниемен жәрдемдеспеген, араб күйеу баласы қайын жұртынан ешқашан ештеңе дәм етпеген[10,12].

Сонымен қатар, араб халқы патрилокалдықы қонысты жат көреді, яғни жас ерлі-зайыптылардың әйел жағыны қайын атасының үйінде тұрса сөгіс еститіні сөзсіз. Қазақ халқы да күйеудің қайын атасының – келіншегінің әке-шешесінің үйінде тұрғанын қаламайды. Бұл күйеудің жамандығының белгісі. Оны ел кекетіп «Күшік күйеу» деп атайды. Қатты келемеждеп, қатарларына қоспауы да осыған байланысты. Соған байланысты айтылған мақал-мәтелдер: «Күшік күйеу болғанша иттің күшігі бол» [11,5], «Қайындағы күйеуден, қарғы таққан тазы артық», «Жаман күйеу қайынсақ» [12,52].

Қорытынды

Сөйтіп, дәстүрлі араб, қазақ отбасында жас жұбайлардың күйеу баланың үйінде, яғни оның ата-анасымен бірге тұруында еш сөкеттік жоқ. Бірақ қайын атасы мен қайын енесімен бір шаңырақта тұруға араб, қазақ халқында тиым салынған.

Қорыта келе, жалпы араб-қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің ортақ мәдени компонентердің бар екендігін көрсетеді, ал ол адам затының ойлау қабілетінің бір арнадан шығатындығын айқындап отыр. Әрбір индивидтің жеке өмірлік іс –әрекетінің көрінісі, ұлтының рухани өмірінен, этнос менталитентінен көрініс табады. Екі халықтың фразеологизмдерін зерттеуде танымдық-прагматикалық тұғыдан және этномәдени ерекшеліктерін анықтау мақсатын да *туысқандардың* әр жанұяда беделі барын, жақсылығына сүйінетін, жамандығына күйінетінін, әрқашан тілеуінді тілеп, тілеуқор, қамқоршы болатындығын айқындадық.

Әдебиет:

1. Кухарева Е.В. Арабские пословицы и поговорки. Словарь с лексико – фразеологическими комментариями / Е.В.Кухарева. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА: Восток – Запад, 2008. – 303с.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. А:Дайк.-Пресс, 2008.-968б.
3. Баранов М Арабско-русский словарь Ташкент 1994-480с
4. Диуанова Р.К.Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері ф.ғ.к.дисс.Алматы,2010
- 5.Эшанкулов А.У. Фразеология в тексте и в словаре /Паремиология или фразеология/. Сбор.науч.труд.- Смарканд,1986-59с
6. Шайхуллин Т.А. Зиганшин Э.М. Зиляева А.Н. Стилистика арабского языка: Учебное пособие.-Казань: Магариф, 2008г-383с
7. Dweik, B &Thalji, M, B. (2016).Strategies for translating proverbs from English into Arabic.Academic Research International7(2), 120-127.
8. Deweik, B. & Suleiman, M. (2013). Problems encountered in translating cultural expressions from Arabic into English. International Journal of English Linguistics3(5),47-60. Doi:10.5539/ijel.v3n5p47.
9. Eftekhari, N. (2008). A brief overview on idiomatic translation.Retrieved from <http://www.translationdirectory.com/articles/article1739.php>.
10. Farahani, A., &Ghasemi, M. (2012). The natu ralness in the translation of idioms and proverbs: The case of a Persian translation of Pinocchio. Journal of Language and Translation, 3(1) 17-22.
11. Fernando, C., Favelle, R. (1981). On idioms: Critical views and perspectives. Exeter: Exeter University Press. Ghazala, H. (2003).
12. Idiomaticity between evasion and invasion in translation: Stylistic, aesthetic and connotative considerations. Babel 49 (3), 203-227. Howwar, M. (2013).
13. Seeking the nature of idioms: A socio-cultural study in idiomatic English and Arabic meanings. International Journal of Scientific and Research Publications (3)2, pp. 1- 3. Hussein, R. F, Khanji, R. and Makhzoomy, K.F. (2000).
14. The acquisition of idioms: Transfer or what? J. King Saud University, Lang. & Transl. (12), 23-34. Ibrahim, H. S, Abdou, S. M &Gheith, M. (2015).
15. المعجم الوسيط – مكتبة الشروق الدولية- القاهرة-مصر 2008-1200ص
16. موسوعة الروائع في الحكم والأمثال, طه جمانة ٢٠٠٢ - ٧٢٠ص
17. معجم التعبير - القاهرة ١٩٨٥-٤٢٥ص
18. معجم الاعبارات الاصطلاحية ١٩٨٥ - ٤٥٥ص

References:

1. Kuhareva E.V. Arabskie poslovice i pogovorki. Slovar' s leksiko – frazeologicheskimi kommentarijami [Arabic proverbs and sayings. Dictionary with lexical and phraseological comments]/ E.V.Kuhareva. – M.: ACT: ACT MOSKVA: Vostok – Zapad, 2008. – 303s. (in Russ)
2. Kazak tilinin tusindirme sozdigi[An explanatory dictionary of Kazakh tylinin] A: Dyke.- Press,2008.-968b. (in Russ)
3. Baranov M Arabsko-russkij slovar'[Arabic-Russian dictionary]Tashkent 1994-480s(in Russ)
4. Diuanova R.K.Kazak tilindegi tuystyk ataulardyn magynalyk qurylymy men leksikografijalanu erekshelikteri [The meaning of family names in the Kazakh language features of structure and lexicography]diss.Almaty,2010(in Kaz)
- 5.Jeshankulov A.U. Frazeologija v tekste i v slovare /Paremiologija ili frazeologija/. [Phraseology in the text and in the dictionary / Paremiology or phraseology /. Collection of scientific works] Sbor.nauch.trud.-Smarkand,1986-59s. (in Russ)
6. Shajhullin T.A. Ziganshin Je.M. Ziljaeva A.N. Stilistika arabского jazyka: Uchebnoe posobie.[Stylistics of the Arabic language: Textbook.]-Kazan': Magarif, 2008g.-383s. (in Russ)
7. Dweik, B &Thalji, M, B. (2016).Strategies for translating proverbs from English into Arabic.Academic Research International7(2), 120-127.
8. Deweik, B. & Suleiman, M. (2013). Problems encountered in translating cultural expressions from Arabic into English. International Journal of English Linguistics3(5),47-60. Doi:10.5539/ijel.v3n5p47.
9. Eftekhari, N. (2008). A brief overview on idiomatic translation.Retrieved from <http://www.translationdirectory.com/articles/article1739.php>.
10. Farahani, A., &Ghasemi, M. (2012). The natu ralness in the translation of idioms and proverbs: The case of a Persian translation of Pinocchio. Journal of Language and Translation, 3(1) 17-22.
11. Fernando, C., Favalle, R. (1981). On idioms: Critical views and perspectives. Exeter: Exeter University Press. Ghazala, H. (2003).
12. Idiomaticity between evasion and invasion in translation: Stylistic, aesthetic and connotative considerations. Babel 49 (3), 203-227. Howwar, M. (2013).
13. Seeking the nature of idioms: A socio-cultural study in idiomatic English and Arabic meanings. International Journal of Scientific and Research Publications (3)2, pp. 1- 3. Hussein, R. F, Khanji, R. and Makhzoomy, K.F. (2000).
14. The acquisition of idioms: Transfer or what? J. King Saud University, Lang. & Transl. (12), 23-34. Ibrahim, H. S, Abdou, S. M &Gheith, M. (2015).
15. Almuejam alwasit - maktabat alshuruq alduwliatu [The Intermediate Dictionary - Al-Shorouk International Library] - Cairo - Misr 2008 - 1200 s.
16. Mawasuhāt alrawayie faa alhukm waliamithali_tih jamanat [The masterpieces of wisdom and proverbs], Taha Jumana, 2002, 720 s.
17. Muejam altaebir [Dictionary of Expression] – Cairo- Misr 1985, 425 s.
18. Muejam alaebirat aliastillahaat [Dictionary of Idiomatic Expressions] 1985 - 455s.

¹Амирбекова С.К. ²Байдаров Е.У.

^{1,2}Институт востоковедения имени Р.Б.Сулейменова, Алматы, Казахстан
E-mail: ¹sagynysh.amirbekova@mail.ru, ²erkin_u.68@mail.ru

КОНЦЕПТ «РОДСТВЕННИКИ» В АРАБСКИХ И КАЗАХСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМАХ

Аннотация. В статье рассматриваются смысловые аналоги описания фразеологизмов о семье в арабском и казахском языках. Эти обороты многочисленны, играют важную роль в арабской фразеологии и наиболее ярко и полно отражают богатство и уникальность

арабского литературного языка. Изучение структурных особенностей фразеологических единиц позволяет узнать арабский язык глубоко и всесторонне. Ставятся следующие задачи: сделать сравнительный анализ паремиям концепта «родственники», определить общие отличия и функционально-смысловые классификации. Метод сравнительного анализа применяется для выявления особенностей использования арабских фразеологизмов в контексте семейных отношений. Автор стремится выявить схожие и различные черты в арабской лингвистической традиции по сравнению с казахской культурой. Цель исследования заключается в раскрытии значения и культурных аспектов арабских фразеологизмов, связанных с понятием «родственники». Задачи включают в себя анализ частоты использования данных фразеологизмов, их контекстуальное значение и изменения в различных ситуациях. Исследование позволяет более глубоко понять особенности арабской и казахской языковой картины мира и культурные нюансы, сопровождающие использование фразеологизмов в области семейных отношений. Результаты исследования могут быть полезны для лингвистов, исследователей культуры и специалистов в области межкультурного взаимодействия.

Ключевые слова: фразеологизмы, пословицы и поговорки, семья, концепт, термины родства.

¹Amirbekova S.K. ²Baidarov Ye. U.

^{1,2}R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹sagynysh.amirbekova@mail.ru, ²erkin_u.68@mail.ru

CONCEPT OF «RELATIVE» IN ARABIC AND KAZAKH PHRASEOLOGICAL UNITS

Abstract. The article discusses the semantic analogues of the description of phraseological units about family in the Arabic and Kazakh languages. These phrases are numerous, play an important role in Arabic phraseology and most clearly and fully reflect the richness and uniqueness of the Arabic literary language. Studying the structural features of phraseological units allows you to learn the Arabic language deeply and comprehensively. The following tasks are set: to make a comparative analysis of the proverbs of the concept “relatives”, to determine general differences and functional-semantic classifications. The comparative analysis method is used to identify the features of the use of Arabic phraseological units in the context of family relationships. The author seeks to identify similar and different features in the Arabic linguistic tradition in comparison with the Kazakh culture. The purpose of the study is to reveal the meaning and cultural aspects of Arabic phraseological units associated with the concept of “relatives”. Objectives include analyzing the frequency of use of these phraseological units, their contextual meaning and changes in different situations. The study allows us to more deeply understand the features of the Arabic and Kazakh linguistic picture of the world and the cultural nuances that accompany the use of phraseological units in the field of family relations. The results of the study may be useful for linguists, cultural researchers and specialists in the field of intercultural interaction.

Key words: phraseology, proverbs, family, concept, marital kinship.

Сведения об авторе:

Амирбекова Сағыныш Копеновна, научный сотрудник, Институт востоковедения имени Р.Б.Сүлейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Автор туралы мәлімет:

Әмірбекова Сағыныш Көпенқызы, ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Information about autor:

Amirbekova Sagynysh Kopenovna, Researcher, Institute of Oriental Studies R.B. Suleimenov KN MNERO RK, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторе:

Байдоров Еркін Уланович, кандидат философских наук, профессор Российской Академии Естествознания (РАЕ), Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК Алматы, Казахстан.

Автор туралы мәлімет:

Байдоров Еркін Уланович, философия ғылымдарының кандидаты, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының профессоры (РЖҒА), ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Information about the author:

Baidarov Yerkin Ulanovich, PhD in Philosophy, Professor Russian Academy of Natural Sciences (RANS), R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies KN MNERO RK, Almaty, Kazakhstan.